



Қазақстан Республикасы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарының дайындық бөлімдерінің қызметін үйымдастыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 554 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылды 2 ақпанда № 7406 тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 13.08.2019 № 362 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 25-1) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарының дайындық бөлімдерінің қызметін үйымдастыру қағидаларын бекітілсін.

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 13.08.2019 № 362 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарының дайындық бөлімдерінің қызметін үйымдастыру қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 13.08.2019 № 362 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті (Ж.Қ.Шаймарданов):

1) осы бұйрықтың белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

2) мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі М.Қ.Орынхановқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі
С. Қайырбекова
30 желтоқсан 2011 ж.*

Б. Жұмабұлов

*Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2011 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 554 бүйрүгімен бекітілген*

Қазақстан Республикасы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарының дайындық бөлімдерінің қызметін үйымдастыру қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 21.09.2020 № 405 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүгімен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарының дайындық бөлімдерінің қызметін үйымдастыру қағидалары "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 25-1) тармақшасына сәйкес өзірленген және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдары (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) дайындық бөлімдерінің қызметін үйымдастыру тәртібін айқындайды.

2-тарау. Қазақстан Республикасы ЖЖОКБҰ-ның дайындық бөлімдерінің қызметін үйымдастыру тәртібі

2. ЖЖОКБҰ-ның дайындық бөлімдерінің қызметін үйымдастыру тәртібі ЖЖОКБҰ-ның дайындық бөлімдерінің тыңдаушыларын қабылдауды және оқытууды қамтиды.

3. ЖЖОКБҰ-ның дайындық бөлімдеріне ақылы негізде оқуға қабылдауды ЖЖОКБҰ-лар дербес жүзеге асырады.

4. Оқуға түсушіге, егер олар Заңының 8-бабының 2-тармағына сәйкес алғаш рет оқуды жүзеге асырса, мемлекеттік білім беру тапсырысында тегін оқу мүмкіндігі беріледі.

5. ЖЖОКБҰ дайындық бөлімінде мемлекеттік білім беру бойынша оқу үшін Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетелдіктерді, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдарды және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдарды қабылдау ЖЖОКБҰ конкурстық іріктеу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

6. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Болон процесі және академиялық ұтқырлық

"орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – Орталық) интернет-ресурсында электрондық нысанда жүзеге асырылады. Құжаттарды электрондық нұсқада беру мүмкіндігі болмаған кезде, қабылдау қағаз түрінде жүзеге асырылады.

7. ЖЖОКБҰ-ның дайындық бөлімдеріне тұсу үшін Қазақстан Республикасының азаматтары Орталық арқылы мынадай құжаттарды ұсынады:

1) электрондық немесе қағаз түрінде қабылдау туралы еркін нысандағы өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі немесе қағаз нұсқасы;

3) жалпы орта (жалпы орта), кәсіптік бастауыш (техникалық және кәсіптік), кәсіптік орта (орта білімнен кейінгі) білім туралы құжаттың және оған қосымшаның электрондық көшірмесі немесе қағаз нұсқасы;

4) "Қазақстан Республикасының Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 7-бабының 31) тармақшасына сәйкес бекітілген нысан бойынша медициналық анықтама.

8. ЖЖОКБҰ-ның дайындық бөлімдеріне тұсу үшін шетелдіктер, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдар Орталық арқылы мынадай құжаттарды ұсынады:

1) электрондық немесе қағаз түрінде қабылдау туралы еркін нысандағы өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі немесе қағаз нұсқасы;

3) білім туралы құжаттың және оған қосымшаның электрондық көшірмесі немесе қағаз нұсқасы және мөрдің аудармасын қоса алғанда, нотариат куәландырган сканерленген аудармасы (егер құжат толығымен шет тілінде болған жағдайда);

4) "Қазақстан Республикасының Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 7-бабының 31) тармақшасына сәйкес бекітілген нысан бойынша медициналық анықтама.

9. Тұлғалар оқуға қабылдағаннан кейін, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 10 қаңтардағы № 8 бүйрекшімен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5135 болып тіркелген) бекітілген Білім туралы құжаттарды тану және ностирификациялау қағидаларына

сәйкес шетелдік білім беру үйымдары берген білім туралы құжаттар нострификация рәсімінен өтеді.

10. Конкурсқа қатысу үшін өтініштерді қабылдау Орталық арқылы күнтізбелік жылдың 5 тамызы мен 5 қыркүйегі аралығында жүргізіледі.

11. Ұсынылған құжаттарды Орталық осы Қағидалардың 7 және 8-тармақтарына сәйкестігіне құжаттар тіркелген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде тексереді.

Орталық ұсынылған құжаттар осы Қағидалардың 7 және 8-тармақтарына сәйкес болған жағдайда, құжаттар тіркелген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде құжаттар тапсыруды тіркеу кезінде көрсетілген электрондық поштаға хабарлама жолдайды. Осы Қағидалардың 7 және 8-тармақтарында көрсетілген ұсынылған құжаттар сәйкес келмеген жағдайда түсушіге құжаттарды тіркеуден бас тарту туралы хабарлама жіберіледі. Бұл ретте, үміткерге оқуға түсі үшін құжаттарды тіркеуден бас тарту туралы хабарламаны алғаннан бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде конкурсқа қатысу үшін қайта тіркеуден өту мүмкіндігі беріледі.

12. Конкурстық іріктеуді өткізу үшін ЖОО оқытушылары қатарынан қабылдау комиссиясы құрылады және Комиссия мүшелерінің құрамынан комиссия төрағасы сайланады. Комиссия мүшелерінің саны оның төрағасын қоса алғанда тақ болып табылады. Конкурстық іріктеуді қабылдау комиссиясы күнтізбелік жылдың 10-15 қыркүйегі аралығында өткізеді.

13. Конкурстық іріктеуді жүргізу тәртібін ЖЖОКБҰ әзірлейді және бекітеді. Конкурстық іріктеуді өткізу кестесін, өткізу күнін, уақыты мен орнын қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және оқуға түсушілердің назарына құжаттарды қабылдау басталғанға дейін жеткізіледі. Тындаушылар өздері таңдаған ЖЖОКБҰ-да конкурстық іріктеуден өтеді.

14. ЖЖОКБҰ өткізетін конкурстық іріктеуден өту кезінде тындаушы оның жеке басын куәландыратын құжатты және құжаттың тіркелгені туралы хабарламаны ұсынады.

15. Конкурстық іріктеуді өткізу қорытындылары еркін нысанда Комиссия хаттамасымен ресімделеді және оған комиссия төрағасы мен барлық қатысып отырған Комиссия мүшелері қол қояды.

Қабылдау комиссиясының хаттамасы негізінде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша ЖЖОКБҰ-ның дайындық бөлімдеріне тындаушыларды қабылдау туралы шешім шығарылады және күнтізбелік жылдың 25 қыркүйегіне дейінгі мерзімде конкурстық іріктеуден өткен Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктердің, Қазақстан Республикасының азаматтары болып

табылмайтын ұлты қазақ адамдардың және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдардың назарына жеткізіледі.

ЖЖОКБҰ меншік нысанына қарамастан конкурстық іріктеу аяқталған күні оның нәтижелерін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне береді.

16. Дайындық бөлімдерінің тындаушылары қатарына қабылдауды ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиялары күнтізбелік жылдың 25-28 қыркүйегі аралығында өткізеді.

17. ЖЖОКБҰ-лар тындаушыларды оқуға қабылдаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде дайындық бөлімдеріне қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмелерін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне ұсынады.

18. Дайындық бөлімдерінде оқыту күндізгі және қашықтықтан оқыту нысанында жүзеге асырылады. Сабактар күнтізбелік жылдың 1 қазанынан басталады. Оқу мерзімі – 9 ай.

19. Дайындық бөлімдерінің тындаушылары үшін қашықтықтан оқыту:

- 1) дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы болған жағдайда;
- 2) растайтын құжаттарды ұсына отырып, бала туылған кезде, бала үш жасқа толғанға дейін оны асырап алу;

3) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын, оку жылы ішінде тұрғылықты жері бойынша кеткен және шекараның жабылуы, карантин жариялануы себебінен және оларға байланысты емес езге де мән-жайлар бойынша қайтып оралуға мүмкіндігі жоқ ұлты қазақ адамдар үшін ұсынады.

20. Оқуды аяқтағаннан кейін тындаушыларға оқуды аяқтағаны туралы анықтама (еркін нысандағы) беріледі.

21. Дайындық бөлімдерінің тындаушыларын ЖЖОКБҰ-дан оқудан шығаруға:

- 1) тындаушының өз еркімен оқудан шығу туралы өтініші;
- 2) ЖЖОКБҰ-ның ішкі тәртібін бұзыу негіз болып табылады.

Тындаушыны ЖЖОКБҰ-дан шығару ЖЖОКБҰ басшысының бұйрығымен ресімделеді, оның көшірмесі оқудан шыққан күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне жіберіледі.

22. ЖЖОКБҰ-лар жыл сайын күнтізбелік жылдың 15 шілдесінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне дайындық бөлімдерінің өткен кезеңдегі жұмысы туралы қорытынды есеп береді.

23. ЖЖОКБҰ-лар дайындық бөлімдері тындаушыларының статистикалық және паспорттық есебін жүргізеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚРМК